

Шымкент қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурыздағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы" N 477 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 23 ақпандағы 258 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 наурызда N 14-1-109 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 216 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2012.02.28 № 216 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңдарына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурызындағы № 477 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-1-93 нөмірімен тіркелген, "Шымкент келбеті" "Панорама Шымкента" газеттерінде 2009 жылдың 17 сәуірінде жарияланған), "Шымкент қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурыздағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы туралы" № 477 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 1801 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-1-104 нөмірімен тіркелген, "Шымкент келбеті" "Панорама Шымкента" газеттерінде 2010 жылдың 15 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасында:

6 тармақтағы "мәлімет берер күнге дейінгі соңғы айда төлем ақы қарызының жоқтығы туралы салық комитетінің анықтамасы" деген сөздер "салық төлеуші куәлігінің көшірмесі" деген сөздерге өзгертілсін;

17 тармақ "заңына сәйкес" деген сөздерден кейін "жұмыс берушімен" деген

с о з д е р м е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А.Жетпісбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК